Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 6-7

ҚАЗІРГІ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ МЕН ЖЕР МЕНШІГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Нурманова А.

ХХ ғасырдың аяғында жер қатынастары дамуының тарихи процесінде түбегейлі өзгерістер орын алды. Бұның себебі – елдің тәелсіздік алуы және бүкіл қоғамдық өмірде бқрын болмаған өзгерістердің басталуы. Республикада жоспарланған реформаны жүзеге асыру нәтижесінде, әлеуметтік – экономикалық формацияның, сонымен қатар жер қатынастарының толық ауысу процесі қанат жайды. Елде нарықтық экономиканың негізін салу әлеуметтік – экономикалық саясаттың басты бағыты деп танылды.

Кеңес одағы ыдыра,аннан кейін республикадағы жер қатынастарының даму тарихын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады.Алғашқы кезеңде жерге қатысты бірқатар заңдар қабылданды. Олардың ішінде: «Жер Кодексі», «Жер реформасы туралы», «Шаруа қожалықтары туралы» заңдары.

Екінші кезең, 1994-1995 жылдары тағы да бірқатар құжаттар қабылданды.Солардың ішінде «Жер қатынастарын реттеудің кейбір мәселелері туралы» және «Жер қатынастарын одан әрі жетілдіру туралы» сияқты Қазақстан Президентінің бірқатар Жарлықтары.Осы құжаттар негізінде жер пайдалану құқығын сату және сатып алу заңдастырылды. Жалпы алғанда бұл кезеңді Республика жер заңдарын нарықтық қатынастарға бейімдеу кезеңі ретінде сипаттаған жөн.

Жер қатынастарының дамуының үшінші кезеңі (1995- 2003ж.ж) Қазақстан Республиткасы Президентінің заң күші бар «Жер туралы» Жарлығын қабылдаумен ұштастырылады, өйткені бұл құжатта аса маңызды жерге жылжымайтын мүлік және құқық обьектісі ретінде заңдық мәртебе беру мәселесі шешілді.

Еліміздің нарықтық экономикаға енуіне және жер жылжымайтын мүлік ретінде нарықтық қатынастар обьексісіне айналуына байланысты ауыл шаруашылық жерлеріне жеке меншік енгізу қажеттілігі туындады.Осы және басқа да саяси - экономикалық мәселелерді тез арада жүзеге асыру мақсатымен жер реформасының даму бағыттары қайта қаралып нақтыланды.Жер реформасын жүзеге асыру барысында жерді пайдалану және иелену жүйесінде өте маңызды бірқатар өзгерістер орын алғанын айту керек.Бұлар:

- Жерге деген мемлекеттік монополия жойылды;
- Жер меншігінің әр түрлі формалары пайда болды;
- Жер пайдалану ақылы негізге көшті.

Демек, Республикада жаңа жер құрылысы қалыптасты деп айтуға болады.